әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
География және табиғатты пайдалану факультеті
Рекреациялық география және туризм кафедрасы



## 9-дәріс

# Академиялық адалдық, плагиат және ғылыми этика

Scientific Writing

ДӘРІСКЕР

**Елдар Нұрұлы**

Аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер, PhD Candidate

# Дәрістің мақсаты

1. Академиялық адалдықты «ережелер» ретінде емес, құндылықтар жүйесі ретінде түсіну
2. Плагиаттың түрлерін ажыратып, «ұқсастық пайызын» сауатты бағалау
3. Ғылыми теріс қылық (fabrication, falsification, plagiarism) ұғымдарын меңгеру
4. Генеративті ЖИ дәуіріндегі этикалық жауапкершілікті түсіну
5. Туризм зерттеуіндегі деректерге қатысты этикалық тәуекелдерді тану
6. Парафраз бен дәйексөзді дұрыс қолдану дағдысын бекіту

ИНТЕРАКТИВ

# «Академиялық адалдық» деген сөзді естігенде ойыңызға не келеді?

menti.com

**Қалай қатысу керек:**

1. QR-кодты сканерлеңіз немесе menti.com сайтына кіріңіз
2. Экрандағы кодты енгізіңіз
3. 2-3 сөз жазыңыз

*Нәтиже: сөз бұлты (word cloud) экранда көрінеді*

⏱ **2 минут**

# 1 Академиялық адалдық дегеніміз не?

**ICAI анықтамасы (2021):**

«Академиялық адалдық – қиындыққа қарамастан **6 іргелі құндылыққа:**
**адалдық, сенім, әділдік, құрмет, жауапкершілік, батылдық** құндылықтарына берілгендік»

*Дереккөз: International Center for Academic Integrity. The Fundamental Values of Academic Integrity. 3rd ed. 2021.*

Бұл тек «антиплагиат пайызынан өту» емес – оқу мен ғылымда әділетті қатысудың негізі.

Туризм саласында сенім – негізгі актив: қызметке, ақпаратқа, қауіпсіздікке сенім. Академиялық адалдық осы кәсіби мәдениеттің іргетасы.

academicintegrity.org

# 1 ICAI: Алты іргелі құндылық

### Адалдық
*Honesty*

Шынайы білім іздеу

### Сенім
*Trust*

Нәтижеге сену мүмкіндігі

### Әділдік
*Fairness*

Тең мүмкіндік, тең бағалау

### Құрмет
*Respect*

Өзге еңбегін мойындау

### Жауапкершілік
*Responsibility*

Өз еңбегіне жауап беру

### Батылдық
*Courage*

Қиын жағдайда дұрыс таңдау

*Дереккөз: ICAI (2021). The Fundamental Values of Academic Integrity. 3rd ed.*

# 1 Туризм саласында неге маңызды?

### Дерекке сүйенетін сала

Туристік ағын, қанағаттану, сапа – бәрі деректе. Бұрмаланған дерек = қате шешім.

### Адамдармен тікелей жұмыс

Туристер, жергілікті тұрғындар, қызметкерлер – олардың деректері этикалық жауапкершілікті талап етеді.

### Қоғамдық сенім

Маршрут, қауіпсіздік, мәдени мұра – бұл саладағы ақпарат адамдар өміріне тікелей әсер етеді.

### Кәсіби дағдының іргетасы

Есеп, ұсыныс, аналитика – болашақ жұмыста сапалы жазу осы жерде басталады.

# 2 Академиялық теріс қылықтың спектрі

Ғылыми теріс қылықтың классикалық «FFP» үштігі:

### F Деректі қолдан жасау
*Fabrication*

Болмаған нәтижені «болды» деу, сауалнаманы толтырмай «дерек жасау»

### F Деректі бұрмалау
*Falsification*

Қолайсыз деректі алып тастау, пайызды өзгертіп жіберу, диаграмманы әдейі бұрмалау

### P Плагиат
*Plagiarism*

Өзгенің идеясын, мәтінін, нәтижесін тиісті түрде көрсетпей иемдену

*Дереккөз: U.S. Office of Research Integrity – Research Misconduct анықтамасы (42 CFR Part 93)*

**Қосымша тәуекелдер:**

Тапсырыспен жаздыру (contract cheating) · Рұқсатсыз бірлесу · Әділетсіз авторлық · ЖИ арқылы толық жаздыру

# 2 Тапсырыспен жаздыру (Contract Cheating)

**QAA (2022) анықтамасы:** «тапсырыспен жаздыру» тек essay mill компанияларымен шектелмейді – дос/туыс жазып беруі де осы санатқа жатады.

Ол бағалаудың әділеттілігін бұзады және біліктіліктің шынайы дәлелін әлсіретеді.

*Дереккөз: QAA. Contracting to Cheat in Higher Education. 3rd ed. 2022.*

## Туризмдегі кәсіби салдары:

Қонақжайлылық пен туроператорлық қызметте есеп, ұсыныс, аналитика жиі жазылады. «Өз ойымен жазуды» университетте үйренбеген маман кәсіби ортада да сапалы мәтін жаза алмайды.

**Мысал: турөнім сипаттамасын сайттан көшіру → заңдық тәуекел + кәсіби бедел шығыны**

# 3 Плагиаттың негізгі түрлері

### 1. Тікелей көшіру

Мәтінді сөзбе-сөз алу

### 2. Мозаикалық көшіру

Бірнеше дереккөзден «жамалау»

### 3. Идея плагиаты

Құрылым/шешім иемдену

### 4. Аударма плагиаты

Аударып, дереккөз атамау

### 5. Көрнекі плагиат

Карта, фото, инфографика

**Туризмдегі жиі кездесетін жағдайлар:**

- Елтану сипаттамасын туристік сайттан аудару
- Tripadvisor пікірлерін дәл алып жалпы қорытынды жасау
- Booking.com-нан қонақ үй суретін рұқсатсыз қолдану
- Google Maps картасын дереккөзсіз беру
- Маршрут сипаттамасын ресми сайттан көшіру

Т А П С Ы Р М А

# Плагиат па, парафраз ба?

**Түпнұсқа мәтін:** «Қазақстандағы экотуризм соңғы жылдары айтарлықтай дамыды, себебі табиғи ландшафттар мен мәдени мұра нысандары туристерді тартудың негізгі факторлары» (Жанұзақов, 2023, 45-б.).

### А нұсқа

«Экотуризм Қазақстанда соңғы жылдары айтарлықтай дамыды. Табиғи ландшафттар мен мәдени мұра туристерді тартудың негізгі факторлары.»

### В нұсқа

Жанұзақовтың (2023) пікірінше, қазақстандық экотуризмнің өсуіне ел табиғатының әртүрлілігі мен бай мәдени мұрасы тікелей ықпал етіп отыр.

⏱ 15 секунд ойланыңыз, содан кейін жауабыңызды айтыңыз

A = Мозаикалық плагиат (сөздер аздап ғана ауыстырылған, дереккөз жоқ) ·
B = Дұрыс парафраз (өз сөзімен, сілтемемен)

# 3 «Ұқсастық пайызы» ≠ Плагиат

## Ұқсастық есебі (similarity report):

Мәтіннің бұрынғы мәтіндермен қабаттасатын жерлерін көрсетеді

**Бұл «плагиат дәлелдейтін» құрал емес**

Соңғы шешімді адам контекстпен бағалауы керек

*Дереккөз: Milovanović P. (2025). Exploring the Need to Use "Plagiarism" Detection Software Rationally. Publications, 13(1).*

## Жиі қате түсініктер:

- ✗ **«20% болса – дұрыс»**
- ✓ Нақты «норма» жоқ, мазмұнға байланысты

- ✗ **«0% – ең жақсы»**
- ✓ Цитата/терминдер болуы заңды

- ✗ **«Жоғары % = плагиат»**
- ✓ Кей жағдайда стандартты терминдер

- ✗ **«Төмен % = адал»**
- ✓ Тапсырыспен жаздыру немесе ЖИ мәтіні

# 3 Мәтінді қайта пайдалану (Text Recycling)

**Text Recycling Research Project (2021) нұсқаулығы бойынша:**
Мәтінді қайта пайдалану әрқашан бірдей этикалық мәртебеге ие емес – бағасы құжат түріне, көлеміне, қолданылу контекстіне тәуелді.

*Дереккөз: Hall S., Moskovitz C., Pemberton M. A. et al. Understanding Text Recycling: A Guide for Editors. V.1. TRRP, 2021.*

## Студент үшін маңызды сұрақ:

**Бір пәндегі мәтінді екінші пәнге қолдануға бола ма?**

→ Көп жағдайда жоқ, себебі әр тапсырманың бағалау мақсаты өзгеше.

→ СӨЖ №1 мәтінін курстық жұмысқа «жамау» – тәуекелді әрекет.

**→ Ашық ету шарт: оқытушыға хабарлау, рұқсат алу.**

# 4 Ғылыми зерттеу адалдығы: Еуропалық кодекс

**ALLEA – The European Code of Conduct for Research Integrity (2023):**
Зерттеу адалдығы – тек жеке авторға емес, зерттеу мәдениеті мен институттық саясатқа да байланысты. Ашық ғылым, деректерді басқару және зерттеу мәдениетінің рөлі айрықша аталады.

## Адалдық / Айқындық

Дерек, әдіс, шектеу – бәрін шынайы көрсету

## Әділ авторлық

ICMJE: автор = жауапкершілік алатын тұлға

## Зерттеу мәдениеті

Жүйелік қолдау, «сан қуалау» емес сапа

## Ашық ғылым

Қайталанғыштық, деректерге қол жетімділік

*Дереккөздер: ALLEA (2023). DOI: 10.26356/ECOC · ICMJE Recommendations · UNESCO Open Science Recommendation (2021)*

# 4 Нақты салдар: Retraction (мақаланы қайтарып алу)

## Retraction Watch дерекқоры:

**63 000+** қайтарып алынған мақала тіркелген

Негізгі себептер: деректі бұрмалау, плагиат, суретті қолдан жасау, қайталанғыштық проблемасы

2023 жылдан бері Crossref дерекқорына біріктіріліп, толық ашық қолжетімді болды.

retractionwatch.com

## Туризмдегі нақты мысал:

Pramod Sharma (IIT Roorkee) – йога-туризм бойынша PhD алушы. 5 мақаласы қайтарылды (Journal of Destination Marketing & Management, т.б.). Себебі: плагиат + деректі бұрмалау. PhD дәрежесі берілмеді.

*Дереккөздер: Retraction Watch (retractionwatch.com) · Alrawadieh Z., Zareer A. (2019). Exploring retraction in tourism journals. EJTR, 22, 20–30.*

К Е Й С - Т А П С Ы Р М А

# Бұл қандай бұзушылық?

**Жағдай:** Студент «Қазақстандағы экотуризм» тақырыбында СӨЖ жазды. Ол VisitKazakhstan.com сайтынан Алтай тауларының сипаттамасын қазақ тіліне аударып, өзінің мәтіні ретінде берді. Содан кейін Tripadvisor-дан 5 пікірді дәлме-дәл көшіріп, «турист пікірлеріне» қойды. Антиплагиат жүйесі тек 8% ұқсастық көрсетті.

**Қандай бұзушылықтар бар? (Бірнешеуін таңдаңыз)**

A) Аударма плагиаты

B) Тікелей көшіру

C) Деректі бұрмалау

D) Бәрі дұрыс – 8% ғой

Дұрыс жауап: A + B. 8% ұқсастық адалдық кепілі емес. «D» нұсқасы – жиі кездесетін қате ойлау.

# 5 Генеративті ЖИ дәуірі: жаңа тәуекелдер

**Негізгі қағида:** ЖИ қолдану автоматты түрде этикаға қарсы емес. Мәселе – рұқсаттылығы, ашықтығы, мақсатқа сәйкестігі және әділеттілігі.

*Дереккөз: Foltýnek T. et al. (2023). ENAI Recommendations on the ethical use of AI in Education. IJEI, 19, Art. 12.*

| | |
|---|---|
| **UNESCO (2023)** | ЖИ құралдарын этикалық және педагогикалық тұрғыдан валидтеу қажет; адам-орталықты қағиданы ұстану керек |
| **WAME (2023)** | «Автор – тек адам»; чатбот автор бола алмайды; ЖИ қолданылса – ашық көрсетілуі тиіс |
| **ICMJE** | ЖИ жазу көмегіне пайдаланылса, жария түрде көрсетілуі керек; авторлар мазмұнның дұрыстығына жауап береді |

# 5 ЖИ қолданудың «спектрі»: рұқсат – сұр аймақ – тыйым

| РҰҚСАТ ЕТІЛЕТІН | «СҰР АЙМАҚ» | ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ |
|---|---|---|
| • Грамматика тексеру<br>• Синоним іздеу<br>• Аударма сөздігі ретінде<br>• Мәтін сапасын тексеру | • Жоспар ұсыну<br>• Абзацты қайта тұжырымдау<br>• Деректі жинақтау<br>**⚠ Рұқсат оқытушыға байланысты** | • Толық мәтін генерациясы<br>• ЖИ мәтінін «өзімдікі» деп беру<br>• Жалған дереккөз жасау<br>**• Дерек жасау / бұрмалау** |

**Маңызды: рұқсат/тыйым шегін пән оқытушысы белгілейді. Күмән болса – сұраңыз!**

САУАЛНАМА

# Сіз ЖИ құралдарын оқу мақсатында қолданасыз ба?

A) Иә, тұрақты қолданамын

B) Кейде, тілдік тексеру үшін

C) Мүлде қолданбаймын

D) Қолдандым, бірақ ашық айтпаймын

Нәтижені бірге талқылаймыз – бұл жерде дұрыс/бұрыс жауап жоқ, мақсат – ашық пікір.

# 6 Туризм зерттеуіндегі деректер этикасы

## Сауалнама / Сұхбат

Ерікті келісім (informed consent), құпиялылық, деректі сақтау тәртібі

## Онлайн деректер (пікірлер, әлеуметтік желі мәтіндері)

«Қоғамдық жерде тұр» деген уәж этиканы шешпейді; анонимдеу, профилдеу, зиян келтірмеу

## Ұйым материалдары (маркетинг, брошюра, сайт)

Плагиат + авторлық құқық + деректі бұрмалау қаупі

**Ескерту: ЖОО-ларда Этикалық комитет (IRB) рұқсаты адамдарға қатысты зерттеуде талап етіледі.**

ҚазҰУ-нің жергілікті этикалық комитеті https://farabi.university/science/lec?lang=kz
АҚШ кеңсесінде тіркелді (IRB00010790 Al-Farabi Kazakh National University IRB #1).

# 6 Онлайн дерек: этикалық тәуекелдер

Туризм зерттеушісі Tripadvisor, Booking.com, Instagram деректерін жиі қолданады. Бірақ «ашық деректер» ≠ «еш шектеусіз қолдануға болатын деректер».

| | |
|---|---|
| **Автономия** | Адам пікір жазғанда оның зерттеуге пайдаланылатынын білмеуі мүмкін |
| **Анонимдеу** | Қолданушы атын, профилін, суретін жариялауға тыйым |
| **Әділеттілік** | Теріс пікірлерді ғана таңдау – деректі бұрмалау |
| **Құпиялылық** | GDPR, PDPA сияқты заңдар платформалық деректерге де қатысты |

# 6 Парафразды ҚАЛАЙ дұрыс жасауға болады?

1. Түпнұсқаны мұқият оқып, негізгі ойды түсініңіз
2. Мәтінді жауып қойыңыз
3. Негізгі ойды өз сөзіңізбен жазыңыз
4. Түпнұсқамен салыстырыңыз – сөз қабаттасқан жер бар ма?
5. Дереккөзді (автор, жыл) міндетті түрде көрсетіңіз

**Есте сақтаңыз: парафраз – тек сөздерді ауыстыру емес. Бұл – ойды меңгеріп, өз түсінігіңізбен қайта жеткізу.**

# 6 Парафраз мысалы: қадамдық көрсету

**ТҮПНҰСҚА:** «Tourism contributes significantly to the economic development of rural areas by generating employment and promoting local culture» (Smith, 2022, p. 34).

**ҚАТЕ:** Туризм ауылдық аумақтардың экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосады, жұмыс орындарын тудырады және жергілікті мәдениетті насихаттайды.

**ДҰРЫС:** Smith (2022) атап өткендей, ауылдық аймақтар тұрғындары туризм арқылы жаңа табыс көздеріне қол жеткізіп, сонымен қатар дәстүрлі мәдениетін кеңірек таныстыра алады.

**Айырмашылық:** Дұрыс нұсқада сөйлем құрылымы толық өзгерген, автор аталған, ой өз тілімен жеткізілген. Қате нұсқада сөздер ауыстырылса да, құрылым бірдей + дереккөз жоқ.

Т А П С Ы Р М А

# Өзіңіз парафраз жасап көріңіз!

**Түпнұсқа мәтін:**

«Sustainable tourism aims to minimize environmental impacts while maximizing benefits for local communities» (UN Tourism, 2024).

**Нұсқаулық:**

1. Мәтінді оқыңыз, жауып қойыңыз

2. Өз сөзіңізбен жазыңыз (дәптерге немесе телефонға)

3. Дереккөзді көрсетіңіз

⏱ 3 минут

# 6 Алдын алу стратегиялары: күнделікті әдеттер

1

### Дереккөзді бастапқыдан жазу

Конспект кезінде «өз ойым» мен «алынған ой» бөлек белгілеу

2

### Ұқсастық есебін «айна» ретінде қолдану

Жаза құралы емес – қай жерде сілтеме жетіспейтінін көрсетеді

3

### Этикалық тәуекелді алдын ала ойлау

Дерек жинау әдісін, құпиялылықты, рұқсатты ертерек жоспарлау

4

### Тапсырыспен жаздыру тәуекелін бағалау

Үшінші тарапқа орындату – ақшаға байланысты емес (QAA, 2022)

5

### Болашақ мақалаға дайындық

Реферат = ғылыми мақаланың «шағын моделі»

# 6 Халықаралық бағдарлар: Гонконг қағидалары (2020)

**World Conferences on Research Integrity Foundation:**
Зерттеушілерді бағалауда «сан қуалау» емес, жауапты зерттеу тәжірибесін, ашық есеп беруді, ашық ғылымды қолдау ұсынылады.

1. Зерттеу тәжірибесінің жауаптылығын бағалау
2. Дәл және ашық есеп беру
3. Білімді тарату (ашық ғылым)
4. Ғылыми қоғамдастыққа қызмет
5. Менторлық және білім алмасу

*Дереккөз: Moher D. et al. (2020). The Hong Kong Principles for assessing researchers. PLoS Biology, 18(7), e3000737.*

# ҚОРЫТЫНДЫ: 5 НЕГІЗГІ ОЙ

1. Академиялық адалдық = құндылықтар жүйесі, тек «пайыздан өту» емес
2. Плагиат – ең көрінетін бұзушылық, бірақ жалғыз қауіп емес (FFP)
3. Ұқсастық пайызы ≠ плагиат; ол тек «бастапқы сигнал»
4. ЖИ дәуірінде жауапкершілік адамда: ашықтық + мойындау
5. Адалдық – процестік дағды: дереккөз басқару, парафраз, этикалық сақтық

# ? Бақылау сұрақтары

1. Академиялық адалдықты құндылыққа негізделген тұрғыда қалай түсіндірер едіңіз?

2. FFP (fabrication, falsification, plagiarism) студенттік жұмыста қалай көрінуі мүмкін?

3. «Мәтіндік ұқсастық пайызы» неге плагиаттың тікелей өлшемі бола алмайды?

4. ЖИ қолданылған жағдайда қандай ашықтық қағидасы сақталуы керек?

5. Онлайн пікірлерді зерттеуде пайдаланғанда қандай этикалық тәуекелдер туындайды?

6. Парафраз бен мозаикалық плагиаттың айырмашылығы неде?

# ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР


1. ICAI (2021). The Fundamental Values of Academic Integrity. 3rd ed.

2. ALLEA (2023). The European Code of Conduct for Research Integrity. DOI: 10.26356/ECOC

3. UNESCO (2023). Guidance for generative AI in education and research.

4. QAA (2022). Contracting to Cheat in Higher Education. 3rd ed.

5. Foltýnek T. et al. (2023). ENAI Recommendations on AI in Education. IJEI, 19, Art. 12.

6. Zielinski C. et al. (2023). WAME Recommendations on Chatbots & Scholarly Manuscripts.

7. ICMJE. Recommendations: Defining the Role of Authors (incl. AI guidance).

8. Hall S. et al. (2021). Understanding Text Recycling: A Guide for Editors. V.1. TRRP.

9. Milovanović P. (2025). Exploring "Plagiarism" Detection Software Rationally. Publications, 13(1).

10. Alrawadieh Z., Zareer A. (2019). Exploring retraction in tourism journals. EJTR, 22, 20–30.

# Назарларыңызға рақмет!

әл-Фараби атынд. ҚазҰУ
әл-Фараби даңғ., 71/19
Алматы қ., 050040
Қазақстан Республикасы

+7 778 879 75 93

yeldar.nuruly@kaznu.edu.kz

https://farabi.university/

